

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 71 – 74

G.A.Abenova

Kyzylorda state university after Korkyt Ata  
[gumanai@mail.ru](mailto:gumanai@mail.ru)

## THE PROPERTIES OF THE TERM NEOLOGISMS IN MODERN KAZAKH LANGUAGE

**Abstract.** This article was researched neologisms in Kazakh language. Analytical method, which is considered an ancient method in word formation, is the basis of education for many of the terms associated with science and technology. The transformation of the analytical method in the active method is proved in this article many examples. The article presents a semantic analysis of the way in postroenii neologisms, which is present in Kazakh language since ancient times. This common method is analyzed in the article with Lazakovich materials. And today neologisms are translated from other languages, and are made up of word-formation ways of the language. In the Kazakh language, many neologisms are created with the help of synthetic way and find application in a stand-up speech.

**Key words:** neologism, archaism, literary language, word combinations, term, affix.

ӘОЖ 801.316.1 : 809.434.2

Г.Ә.Әбенова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДІК НЕОЛОГИЗМДЕР СИПАТЫ

**Аннотация.** Мақалада қазақ тіліндегі неологизмдер зерттелуіне тоқталады. Қазіргі кезде де неологизмдер басқа тілдерден аударылу және сөзжасам тәсілдері арқылы жасалады. Неологизмдердің жасалуындағы сөзжасам тәсілдерінің бірі – аналитикалық тәсіл арқылы жасалған ғылым мен техникаға байланысты термин сөздерге талдау жасалады. Мақалада аналитикалық тәсілдің белсенді әдіс екені көптеген мысалдармен көрсетілген. Сондай-ақ семантикалық тәсіл арқылы жасалған неологизм сөздер де қарастырылған. Бұл әдіс те тілдік материалдар негізінде талданады.

**Тірек сөздер:** неологизм, архаизм, әдеби тіл, сөз тіркесі, термин, жұрнақ.

Қазақ тілінің қалыптасуы, дамуы қоғамдағы өзгерістерге, сондай-ақ, халықтық мәдениеттің өрлеуіне, көркем әдебиеттің қанатын кең жая дамуына да байланысты. Тілдің дамып-жетілуі тарихи категория екендігі белгілі. Тіліміз ішкі даму заңдылығы бойынша дамып, сөздік қор ішкі заңдылық бойынша да дамиды.

Тіліміздегі неологизмдер ежелден іргелес көрші елдер әсерінен де, тіліміздегі сөзжасамдық тәсілдер арқылы да толығып отыратындығы белгілі. Мысалы, орыс халқымен көршілес, әрі қоғамдық саяси және экономикалық жағынан ұзақ уақыт үздіксіз қарым-қатынаста болу нәтижесінде орыс тілінен қазақ тіліне көптеген сөздер ауысса, елімізде ғылым мен техниканың, өндіріс пен ауыл шаруашылығының, мәдениет пен тұрмыстың ғарыштап дамуына байланысты басқа тілдерден де жаңа ұғымдарды білдіретін сөздер тілімізге топтап енуде. Осылайша тілдің сөздік құрамының молайып отыруы заңды құбылыс. Сөйтіп бір сөздер қолданысқа жаңадан еніп жатса, кейбіреулері күнделікті қолданудан шығып жатады. Бұл – қай тілдің болмасын, соның ішінде біздің тіліміздің де, сөздік құрамына тән қасиет. Негізінен тілімізге ауызша енген сөздердің көпшілігі тұрмыс қажетіне, мәдениетке қатысты атаулар болса, жазбаша енген сөздердің дені терминдік неологизмдер ретінде ғылым мен техниканың жетістіктеріне қатысты.

Лингвист-ғалым Ш.К.Бектұров: «Архаизмдерге қарама-қарсы құбылысты атаған сөздерді неологизмдер дейміз. Олар – тілдің сөздік құрамына енген жаңа сөздер. Жаңадан енген сөздердің тың, жаңа екендігі аңғарылып, сезіліп тұрғанда ғана неологизм болады», – деп анықтайды [1,5]. Неологизм жылдар өте неологизмдердің тізімінен шығып актив сөздердің қатарында саналып жатады. Сондықтан неологизмдерді анықтау қиындық туғызады. А.Алдашева «Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында жаңа сөз қолданыстарға мынандай анықтама береді: «...Неологизмді, оккозиональды сөздерді, жеке авторлық сөздерді, потенциалды сөздердің бәрін біріктіріп, «лексикалық жаңа қолданыстар» деп [2,12]. Жалпы тілімізде неологизмдерге мынандай анықтамалар берілгені белгілі: «Неологизм дегеніміз: бір тілде жаңадан пайда болған және әзірше көпшілік арасында толық қалыптаспаған жаңа сөздер» [3,5]; «Тілге сіңісіп, жалпы халықтық сипат ала қоймаған жаңа сөздер» [4,3]; «Халықтың қоғамдық-саяси тұрмысындағы тарихи маңызды оқиғалармен байланысты мерзімдерде пайда болған әдеби тілдегі жаңа мағыналы жаңа сөздер мен тұрақты сөз тіркестері» [5,8]. Ал шет ел ғалымдарының пікіріне сүйенсек, Л.И.Джоглидзе: «Неологизмдер – тілдегі жаңа сөздер, тіл жүйесінің лексикалық бөлігі. Неологизмдер – сөйлеу тілінде дайын күйінде қолданылатын, бірақ салыстырмалы түрде жақында пайда болған сөздер», – деп тұжырымдайды [6,4-5]. Ал Р.Ю. Намитокова «жаңа сөздер – тілде белгілі бір кезеңде пайда болған, бұрын болмаған және жалпы қолданысқа түспеген, сол тілде сөйлеушілер «жаңалық» сипатын сезінетін сөздер» екенін айтады [7,41].

Кейінгі уақытта қазақ тіліндегі неологизмдердің қатары техника мен ғылым дамуына байланысты көптеген жаң сөздермен және тіркестермен толығуда. Әсіресе, компьютердің қолданылуына байланысты: *цифрлық-интерактивтік мультимедиялық білім беру қоры, электронды оқулықтар, IT, TD технологиялар, интерактивті тақта, сканер, инновация* тағы да басқа осылар сияқты терминдерді баспасөз беттерінен жиі кездестіруге болады. Бұл терминдік неологизмдердің қай-қайсысы да тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сай тәсілдермен жасалатыны белгілі. Мысалы, «Шетелдік заңды тұлғалар қазақ және орыс тілдеріндегі ноталарды құландырылған аудармасы бар құрылтай құжаттарының электрондық сканерленген көшірмелерін ұсынады» («Егемен Қазақстан» № 107 (28331) 3 маусым 2014 жыл, 13 бет).

«Елбасы бір сөзінде: «Біз білім, ғылым және инновация билігі жүретін постиндустриялық әлемге кетіп барамыз» («Егемен Қазақстан» №105 (28329) 30 мамыр. 2014 жыл, 9 бет).

«Оқытушылар мен қызметкерлердің корпаративті мәдениет кодексі, ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі, оқытушысы мен студентті ережелері» («Егемен Қазақстан» №105 (28329) 30 мамыр. 2014 жыл, 9 бет).

«Мұнда еліміздің басқа университетінде кездеспейтін бірегей инновациялық инфрақұрылым жұмыс істейді» («Егемен Қазақстан» №105 (28329) 30 мамыр. 2014 жыл, 9 бет).

«Әдемі-Ай» өнер мұражайы жинақтаған «Ұлттық жасуһарлар» атты антикварлық зергерлік бұйымдар қормесін көргеннен кейін көз жеткізгендей болдық («Егемен Қазақстан» № 107 (28331) 3 маусым, 2014 жыл, 5 бет).

Осы мысалдардағы асты сызылған шет тілдерінен енген сөздердің барлығы дерлік алдымен лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған болса (түбір күйінде өз мағынасын сақтап енген), оларға қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтар жалғау арқылы (синтетикалық тәсіл) жаңа атаулар жасалған, ал кейбірі сол сөздердің қазақ сөздерімен не өзара тіркесуі арқылы (аналитикалық тәсіл) күрделі терминдік атауларға айналған.

Тіліміздегі неологизмдер қатары бұрын орыс тіліндегі айтылуы, жазылуы ыңғайында қолданылып жүрген сөздердің қазақ тіліндегі баламасы арқылы да толығуда. «Егемен Қазақстан» газетінен *басқосу (съезд), жемқорлық (коррупция) сөздері, зияткер (интеллектуал), таңба (символ), әмбебап (универсал), ауқым (диапазон)* деген жаңа сөздер кездесті. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне сүйенсек, бұл сөздердің бастапқы мағынасы басқа болғанын байқаймыз. *Әмбебап* сөзі – жан-жақты, бесаспап, *зияткер* сөзі – араб-парсы тілінен енген *артық, жақсы* мағынасындағы *зият* кітаби сөзінен туындаған. Осыдан адамның жақсы, артықша сипатына қатысты *зиятты, зиялы* сөздері жасалған. Ал қазіргі *зияткер* сөзінің мағынасы – сыпайы, ізетті, әдепті азаматтар болады да, *зияткерлік мектеп* сондай азаматтарды даярлайтын орын дегенді білдіреді. Осыған байланысты «Петропавлда студенттер Назарбаев зияткерлік мектебін салуға көмектеседі» («Егемен Қазақстан» №125 (28349) 27 маусым.2014 жыл, 6 бет) деген сияқты сөйлемдер көбірек айтылатын болды.

Кей жаңа кірме терминдер бұрыннан қалыптасқан дәстүр бойынша аударылмаған күйінде қолданылып жүр. Мысалы: *Еуразиялық құрлықта белсенді интеграциялық үдерістер жүзеге асып жатқандығын айтты* («Егемен Қазақстан» №99 (28577) 29 мамыр 2015 жыл, 2 бет).

*Әлемдік нарықтардың тұрақсыздығы, санкциялық саясаты, әлемнің жетекші державаларының арасында* («Егемен Қазақстан» №99 (28577) 29 мамыр 2015 жыл, 2 бет.)

Терминдік неологизмдердің пайда болуының тағы бір жолы – бұрыннан тілде бар атауларды жаңартып, ескіні жаңғыртып, жаңаша мән беріп, түрлендіріп қолдану. Мысалы: *желі, қалашық, ағын т.б.* сөздер қазіргі

қазақ тілінің қорында бұрыннан бар екені белгілі. *Желі* деп бұрын тек бие байлау уақытында құлындарды тізіп байлап қою үшін қазыққа керілген арқанды атаса, қазір тау жынысын білдіретін атау және ғаламторға қатысты термин болып қалыптасып отыр. Бұл сөздер қазақ тілі сөздік құрамына, бір жағынан, неологизм болып, екінші жағынан, термин болып кірді. Бұл тілдегі құбылыс қоғамның тарихи дамуына қарай сөздердің бастапқы мағыналары өзгеріске ұшырап, қосымша мағынаға ие болғандығын дәлелдейді. Сондай-ақ, *«Электронды қалашық»* деген мәліметтерді дамыған *ғаламторлық ағын* арқылы жеткізудің ақпараттық-қатысымдық орталығы деп те түсінуге болады. («Егемен Қазақстан» №106 (29325) 28 наурыз 2014 жыл, 3 бет.) деген сөйлемдегі *қалашық, ағын* сөздері олардың алдынан тіркескен жаңа терминдердің негізінде жаңа мағынаға ие болып терминге айналғаны айқын.

Неологизм сөздердің қатары тиімді аудармалар арқылы көбейгенімен, кейбір аударма сөздердің біраз бөлігі қолданысқа жиі енбей де қалып отырады. Мысалы, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында орыс тілінен не орыс тілі арқылы енген терминдердің бірсыпырасын былайша аударып ұсынғандар болды: «Рул» – *меңгерік*, «симптом» – *әйгіленіс*, «виртуалды» – *ауани*, «балкон» – *қылтима немесе самалық*, фонтан – *субұрқақ* немесе *бұрқақ су* т.б. Мұндай аудармалар туралы халық білмей де жатты, білгендерінің көңілдерінен шықпады, халық қабылдамады, сондықтан ондай сөздердің өмірі ұзаққа бармады. Бұлардың ішінен тек *субұрқақ* қана жаңа сөз ретінде қызметін сақтап қалған тәрізді. Сонымен бірге орыс тілінен аударылған сөздер, сөз тіркестері тура мағынада аударылып, түсініксіз де болып жатты. Осындай қателіктердің себебінен тілдің шұбарлануы, қалыптасқан грамматикалық заңдылықтардың бұзылатыны сөзсіз. Ондай жағдай қазір де бар. Сондықтан сырттан енген сөздерге жаппай аударма жасай беру де орынсыз тәрізді көрінеді.

Аударманың басты белгісінің бірі – калька. Аударма үшін қолданылатын сөздер жаңа сөзге дейін-ақ өз тілімізде болған. Аударма сөз бен жаңа сөз арасында мағыналық дәлдік болуға тиіс. Тағы бір айырым белгі – жаңа сөздердің нұсқалары болмайды. Жаңа қолданыстар жаңа сөздің баламасы ретінде тілімізге енгенше бірнеше нұсқада ұсынылып, соңында біреуі ғана әдеби тілге енеді. Мысалы, бүгінде тілімізде неологизм қатарынан табылатын *мұражай, кеден, бағдарлама, әуежай, несие* секілді сөздер бұрынғы кезде тілімізге «неологизм» болып кірген *музей, таможня, программа, аэропорт, кредит* сөздерінің орнына қолданысқа енген жаңа сөз қолданыстар болып табылады. Бұл – жаңа қолданыстарға тән ескі мазмұн мен жаңа формалық сипат. Әдеби тілде, бұқаралық ақпарат құралдарында «мұражай, кеден» деп қанша қолданылғанымен де, күнделікті ауызекі сөйлеу тілімізде қалыптасып қалған «музей, таможня» сөздері де орын алады. Егер жаңа қолданыстарды айтқан кезде олардың бұрынғы жаңа сөз қалпындағы формасы ойға оралмаса, жаңа қолданыстар жаңалық сипатынан айырылады.

Жазушы, аудармашы Ислам Жарылғапов кезінде *аялдама, балмұздақ, оқырман, көрермен* сөздерін орыс тілінен аударған. Бұл сөздер неологизмдер болып еніп, әлі күнге дейін қолданылып келеді. Сөтті аударылған сөздердің ғұмыры да ұзақ болмақ. Төмендегі мысалдардағы асты сызылған неологизм сөздердің де өміршең болатынына сенім бар. Өйткені бұл сөздер қазірдің өзінде жиі қолданылады.

*Іңір қараңғысы түсе субұрқақ қызылды-жасылды түске еніп, мың бұрала билеп, атқақтай жөнелді* («Егемен Қазақстан» №102 (28580) 3 маусым, сәрсенбі 2015 жыл. 12-бет).

*Кеше Тәуелсіздік сарайында Қазақстанның ұлттық кәсіпкерлер палатасының I съезі өтті. Онда бизнес-қауымдастық көздеген айқын мақсат, зор міндеттер анықталды* («Егемен Қазақстан» №124 (28348) 26 маусым, 2014 жыл 1-бет).

Ескерте кететін бір нәрсе – неологизм жасауда -дық, -лық, -тық қосымшалары белсенді қолданылатыны байқалады. Бұлар аударма сөздерге де, аударуға келмеген кірме сөздерге де жалғанып зат есім не сын есім жасайды да, басқа зат есімдермен тіркесіп, күрделі терминдік неологизмдер жасайды. Мысалы: *Назарбаев тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында біздің мемлекетіміздің әлсіз тұстарының бірі ретінде танылған «этноконфессиялық әртүрлілікті» жаңа мемлекеттің дамуының стратегиялық ресурсына айналдыра алды.* («Егемен Қазақстан» №102 (28580) 3 маусым, сәрсенбі 2015 жыл, 5-бет).

Бұл жұрнақтың осындай қызметінің ертеден бар екенін тілімізде жаңа сөздер ретінде бұрынырақ пайда болған кірме терминдер *экономика және экология*, аударма терминдер *нарық пен құқық* сөздерінен қаншалықты жаңа күрделі аталымдар жасауға себепші болғанынан көруге болады. Мысалы: *экономикалық сауығу, экономикалық былық, экономикалық тиімділік, экономикалық еркіндік, экономикалық кеңістік, экологиялық сауатсыздық, экологиялық сауықтыру, экологиялық апат, экологиялық ауыртпалық, экологиялық қасірет, нарықтық экономика, нарықтық психология, нарықтық сана, нарықтық қатынас, құқықтық идея, құқықтық сауатсыздық* т.б.

Осы типтес аналитикалық тәсіл арқылы жасалған неологизмдер қатарын басқа да кірме терминдерді қазақтың байырғы сөзімен тіркестіру арқылы кеңейтуге болады. Мысалы, бір ғана

электротехникаға байланысты мына тіркестерді атауға болады: *абонент байланысы, абонент желісі, абонент қондырғысы, абонент қорабы, абонент телеграфы, абсорбциялық тыну, автобұзаттау т.б.*

Қорыта келгенде, қазіргі кезде тілімізге еніп жатқан жаңа қолданыстағы сөздердің басым көпшілігі – кірме терминдер. Олардың бірсыпырасы қазақтың байырғы төл сөздері ішінен мағынасы жақын сөздермен аударылып қазақшаланса, көбі аударуға көнбегендіктен және халықаралық тұрғыда басым қолданылатындықтан өз атауын сақтап қолданылады. Бірақ бұдан біздің сөз байлығымыз көбеймесе, азаймайды. Жалпы, осы аударылған терминдердің өзі терминге тән ерекшеліктер мен белгілерді, шарттарды сақтауға тиіс. Қалай болғанда да, неологизм сөздердің қазіргі қазақ тілі лексикасының дамуына қосатын үлесі зор.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Бектұров Ш. К., Қазақ тілі. – Алматы: Атамұра, 2006.
- [2] Алдашева А. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа қолданыстар. Автореферат, ф.ғ.к., Алматы, 1992.
- [3] Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1975.
- [4] Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы, 1979.
- [5] Бәйткіова Ш. Қазақ тіліндегі неологизмдер. – Алматы, 1971.
- [6] Джоглидзе Л. Новые слова в современном русском языке. Автореферат к.ф.н., Тбилиси, 1979.
- [7] Намитокова Р. Авторские неологизмы, Л: 1987.
- [8] «Егемен Қазақстан» газеті 2010-2015 жж.

#### REFERENCES

- [1] Bekturov Sh. K., Kazak tili. Almaty: Atamura, 2006.
- [2] Aldasheva A. Kazirgi kazak әdebi tilindegi zhana koldanystar. Avtoreferat, f.g.k., Almaty, 1992.
- [3] Kenesbaev I., Musabaev G. Kazirgi kazak tili. Almaty, 1975.
- [4] Bolganbaev A. Kazak tili leksikologijasy. Almaty, 1979.
- [5] Bajtikova Sh. Kazak tilindegi neologizmdер. – Almaty, 1971.
- [6] Dzhoglidze L. Novye slova v sovremennom russkom jazyke. Avtoreferat k.f.n., Tbilisi, 1979.
- [7] Namitokova R. Avtorskie neologizmy, L: 1987.
- [8] «Egemen Kazakstan» gazeti 2010-2015.

#### Г.А.Абенова

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

#### ХАРАКТЕР ТЕРМИНОВ-НЕОЛОГИЗМОВ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

**Аннотация.** В данной статье были исследованы неологизмы казахского языка. Аналитический метод, считающийся древним методом в словообразовании, является основой образования многих терминов, которые связаны с наукой и техникой. Превращение аналитического метода в активный способ доказано в этой статье многими примерами. В статье произведен разбор семантического метода в посторении неологизмов, который присутствует в казахском языке с древних времен. Семантический способ добавляет новое значение к присутствующему значению, не изменяя форму и состав слова. Этот распространенный способ анализируется в статье при помощи языковых материалов. И на сегодняшний день неологизмы переводятся и с других языков, и образуются при помощи словообразовательных способов языка. В казахском языке многие неологизмы создаются при помощи синтетического способа и находят применение в разговорной речи.

**Ключевые слова и словосочетания:** неологизм, архаизм, литературный язык, словосочетания, термин, аффикс.